

"Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 814 қаулысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспары;
- 2) "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2004 жылға арналған аса маңызды көрсеткіштері бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 2 тамыздағы
N 814 қаулысымен
бекітілген

"Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспары

1. "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ-тың жай-күйі және даму перспективалары туралы баяндама

1.1. Кіріспе

Осы Даму жоспары "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының макроэкономикалық болжамдарын ескере отырып әзірленді.

Қоғамның өндірістік қызметі көлемін жоспарлау кезінде Boeing және Airbus Industrie компанияларының әуе тасымалдары көлемі өсуінің орташа дүниежүзілік деңгейі жөніндегі болжамдық мәліметтері назарға алынды.

М и с с и я с ы

"Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ миссиясы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес әуе кемелеріне және жолаушыларға үлгілі, қауіпсіз және тұрақты қызмет көрсетуді қамтамасыз етуде болып отыр.

Құрылуының қысқаша тарихы

Астана қаласының әуежайы 1996 жылға дейін Целиноград қаласының біріктірілген авиациялық отрядының құрамында қызмет еткен.

1996 жылы "Ақмолаавиа" АҚ құрамынан бөліну арқылы "Ақмола әуежайы" акционерлік қоғамы құрылды.

"Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту мен салу жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 маусымдағы N 610 қаулысына сәйкес жолаушылар мен жүктердің халықаралық тасымалын қамтамасыз ету үшін Астана қаласы әуежайының ерекше маңызын ескере отырып, "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды.

"Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 қыркүйектегі N 1062 қаулысы "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Астана қаласының әуежайы) құрудың құқықтық негізі болып табылады, оған сәйкес 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап кәсіпорын жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ етіп қайта құрылды. 2003 жылдың 21 наурызы "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ мемлекеттік тіркеуден өткен күні.

Астана қаласының әуежайы өзінің қызметінде мынадай негізгі нормативтік құқықтық кесімдерді басшылыққа алады:

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы ;

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңы ;

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы ;

"Қазақстан Республикасының әуежайларында халықаралық авиатасымалдарын уақытша схема бойынша ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 тамыздағы N 1170 қаулысы ;

2003 жылғы 14 сәуірдегі Әуежайлық қызметке арналған Бас мемлекеттік лицензия бар (Сериясы АД N 427).

Б а с қ а р у қ ұ р ы л ы м ы

Көп жағдайларда стандарттық басқару шешімдерін талап ететін қазіргі уақыттағы азаматтық авиация саласының жай-күйін, әуежайдың өлшемін, сондай-ақ оның қызметін әртараптандырудың, филиалдары мен еншілес компанияларының болмауын

ескере отырып, Қоғамды басқару жүйесі сатылас үш деңгейлі функционалдық негізде (президент, вице-президенттер, құрылымдық бөлімшелердің басшылары) құрылған. Әуежай құрамында 28 қызмет пен бөлім қызмет етеді. Басқарудың орташа нормасы 30 қызметкерге тең.

Әуежай қызметін ұйымдастыру функциялары қазіргі уақытта негізгі топтамаларға бөлінген: авиациялық қауіпсіздік, өндіріс (әуе кемелеріне және жолаушыларға қызмет көрсету), әуежайды қайта жаңарту мен салу, қаржы және корпоративтік даму. Әуежайдың құрылымы осы Жоспарға 7-қосымшада ұсынылған.

Әуежайдың қысқаша техникалық сипаттамасы және негізгі функциялары

Бүгінгі күні Астана қаласы әуежайының салмағына шектеу салмай, әуе кемелерінің барлық үлгілерін қабылдауға және оларға қызмет көрсетуге мүмкіндігі бар. 2003 жылы жасанды ұшу-қону жолағын (ЖҰҚЖ) қайта жаңарту жүргізілді, соның нәтижесінде жасанды жамылғының беріктік индексі (PCN) 76-дан 111-ге дейін артты. ЖҰҚЖ Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымының (ИКАО) II санатының метеоминимумы бойынша, қонудың екі курсымен жарық және сигнал беру жабдығымен, автоматтандырылған метеорологиялық бақылау жүйесімен, RAPI әуе кемелерін дәл қондыру жүйесімен, сондай-ақ орнитологиялық қамтамасыз ету жүйесімен және жолақтың мұздануы туралы алдын ала хабардар ету жүйесімен қосымша жарактандырылады, бұл күрделі ауа райы жағдайларында әуе кемелерінің кез келген үлгілерінің ұшып-қонуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аэровокзалдың қауырт уақыттағы өткізу қабілеті 400 жолаушы. BNZ-350 өрт сигналын беру жүйесі, SYSTEM-2316 күзет сигналын беру жүйесі, ELVOX бейнебақылау жүйесі қазіргі заманғы қауіпсіздіктің талаптарына сәйкес.

Қазіргі уақытта әуежай мыналармен жабдықталған:

әуе кемелерінің барлық үлгілеріне қызмет көрсетуге арналған жабдықпен: тіркеп сүйрететін - трактор-тартқыштар, жүк көтергіштігі 8 тоннадан 30 тоннаға дейінгі жүк тиегіштер, отын құйғыштар (көлемі 60 тоннаға дейін), 2 телескоптық трап, ассенизациялық машина, су толтыруға арналған машина, қоректендірудің жердегі көздері, экипаждарды, жолаушыларды, жүк пен багажды және т.б. тасымалдауға арналған автокөлік:

әуеайлақты күтіп ұстауға арналған жабдықпен: қар жинайтын машиналар, мұздануға қарсы машиналар;

қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған жабдықпен: өрт сөндіру машиналары, қазіргі рентген қондырғылары және "Рапискан" мен "Хайман" үлгісіндегі арқалық темір іздегіштер.

Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің (JBIC) заемын тарту есебінен қаржыландырылатын "Астана қаласындағы халықаралық әуежайды қайта жаңарту" жобасы шеңберінде жаңа жолаушылар, жүк терминалын салу және әуежайдың әуе қатынастарының қазіргі заманғы халықаралық торабына кірігуіне арналған

жұмыстардың тұтас кешені енгізілді. Кез келген жағдайда әуежайдың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін өрт сөндіру, отынмен жабдықтау, байланыс жүйесіндегі арнайы техника мен жабдықтың 27 түрі қосымша сатып алынады. Бұдан басқа, багажды қазіргі заманғы рентген аппараттарының түрлерімен жүз пайыз тексеру, бейнебақылау жүйелерінің жабдығы, шекаралық және кеден қызметі мен әуежай бөлімшелерінің жолаушылар мен жүк клиентурасына қызмет көрсетуі жөніндегі автоматтандырылған технологиялық желілер сияқты авиациялық қауіпсіздіктің жүйелерін жабдықтауға ерекше назар аударылған.

Жалпы алғанда 58 объект қайта жаңартылады және салынады, олар ИКАО стандарттарына сәйкес сертификатталады.

Әуежайдың негізгі функциялары:
әуе кемесінің ұшу-қонуын қамтамасыз ету;
авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
әуе кемесін қарсы алу-шығару;
әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету;
жолаушыларға қызмет көрсету;
авиаЖЖМ қамтамасыз ету;

жүкті, почтаны және багажды өңдеу.

1.2. Рынокты (қызмет саласын) талдау

Жалпы рыноктағы Астана қаласы әуежайының бәсекелестері мен үлесі

Қазақстанның авиациялық рыногы авиакөлік инфрақұрылымының тиісті жұмысын қамтамасыз ететін әуетасымалдаушылардан, әуежайлардан, навигациядан тұратын күрделі, тармақталған жүйе болып табылады.

Республикада 22 әуежай жұмыс істейді, олардың екеуі - Астана және Алматы қалаларындағы ИКАО-ның II санатына сәйкес.

Қазақстанның авиациялық рыногы әуежайлар арасында мынадай тәртіпте бөлінген:

"Алматы халықаралық әуежайы" ААҚ рыноктың негізгі үлесін алып отыр. Әуежайдан республика бойынша жалпы көлемнен ұшақ ұшудың 28%, жолаушылар жөнелтудің 50% және жүкті, почта мен багажды өңдеудің 68% орындалады;

"Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ Қазақстанның авиарыногында екінші орынды алып отыр: жалпы көлемнен жөнелтілген жолаушылардың 18%, рейсті жөнелтудің 12% және өңделген жүк, почта және багаждың 6%;

Рыноктың қалған үлесін республиканың басқа қалалары мен облыс орталықтарының әуежайлары өз арасында бөліп алады.

Өңір ішінде ішкі және халықаралық маршруттарда (республика әуежайларында қонулармен) әуе кемелеріне әуежайлық қызмет көрсету монополиялық қызмет болып табылады.

Сонымен бірге, еліміздің географиялық орналасуы авиатасымалдар рыногында және әсіресе, Еуропа-Оңтүстік-Шығыс Азия елдері бағытының маршруттарында

бәсекелестік ортаны құрайды. Нарықтық экономика жағдайында Астана қаласының әуежайы көрсетілген транзиттік маршруттарға қатысты қатаң бәсекелестік ортада болып отыр. Әуежайлық және навигациялық қызметтер көрсетуге шегерімдер мен жеңілдіктер беру мүмкіндігі, көршілес елдер қалаларының (Ташкент, Мәскеу, Новосибирск, Омбы) әуежайларындағы авиациялық отынның неғұрлым төмен құны Еуропадан Азияға транзиттік тасымалдаушылар үшін анағұрлым тартымды болып табылады.

Негізгі клиенттер

Қазіргі уақытта "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ қызмет көрсетулерінің негізгі клиенттері тұрақты рейстер орындайтын авиакомпаниялар болып табылады. Отандық авиатасымалдаушылардан - "Эйр Астана" ЖАҚ; "Скат" АҚ; "Еуро-Азия-Эйр" АҚ шетелдік авиакомпаниялардан - Трансаэро, Пулково және Гамбург авиажелілері.

Астана қаласының әуежайынан қызмет көрсетілген рейстер мен жолаушылардың жалпы көлеміндегі негізгі авиакомпаниялардың үлесі

Авиакомпаниялар	Қызмет көрсетілген рейстер, %		Қызмет көрсетілген жолаушылар, %	
	2002 жыл	2003 жыл	2002 жыл	2003 жыл
Эйр Қазақстан	33,3	30	38,6	21
Эйр Астана	13,7	22	33,6	56
Еуро-Азия - Эйр	10,5	10	6,7	6
С к а т	8,5	10	5,5	7
Т р а н с а э р о	3,8	3	7	5
Б а р л ы ғы	100	100	100	100

2003 жылы Астана қаласының әуежайы арқылы жолаушыларды тасымалдауда негізгі үлесті (56%) 2002 жылдан бастан ішкі және халықаралық маршруттарда ұшуларды орындайтын "Эйр Астана" ЖАҚ авиакомпаниясы алып отырды. Астана қаласы әуежайында қызмет көрсетілген рейстердің көрсеткіші бойынша "Эйр Қазақстан" ЖАҚ авиакомпаниясы жетекші орынды алып отырды.

Астана қаласының әуежайы арқылы авиатасымалдардың байқалған өсуі Қазақстанның барлық ірі қалаларының елордамен байланысын қамтамасыз ету үшін ішкі әуе желілері тармағының кеңеюіне байланысты, ол ішкі әуе желілеріндегі қозғалыс көлемінің айтарлықтай өсуіне себеп болды.

Әуежайдың трансазиялық маршрутта орналасуын ескере отырып, ұшу әуе жолдары Астана қаласының әуе қозғалысына қызмет көрсету ауданы үстінен өтетін көптеген

шетелдік авиакомпаниялар ықтимал клиенттер болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген трафиктің жай-күйіне жүргізілген талдаудың нәтижесінде негізгі әлеуетті тасымалдаушылар - Антей, Атлант-Союз, Аэрофракт, Атран, Башқұрт авиажелілері, Волга-Днепр, Домодедов авиажелілері, Истлайн, British Airways, Lufthansa, Virsin Air, Air France, KLM, Cathay Pacific Airways, Swiss Air, China Airlines, Mahan Airlines (Iran) анықталды.

Осы авиакомпаниялар Астананың әуе кеңістігі арқылы айына 700-ден астам рейс орындайды.

1.3. 2001-2003 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметті талдау

Әуежайдың өндірістік қызметі әуежай арқылы қозғалыс көлемінің екі негізгі көрсеткіші негізінде қаралған: рейстер мен жолаушыларға қызмет көрсету саны б о й ы н ш а .

Көрсеткіштер атауы	2000 жыл	2001 жыл	2002 жыл
Қызмет көрсетілген рейстер	8 028	8 862	10 160
алдыңғы жылға %-бен	120	110	115
Қызмет көрсетілген жолаушылар	227 779	276 171	322 298
алдыңғы жылға %-бен	112	121	117

Қызмет көрсетілген рейстер санының даму үрдісі, алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 2001 жылы 10%-ға және 2002 жылы 15%-ға өсумен сипатталады. Тиісінше қызмет көрсетілген жолаушылардың саны да 21%-ға және 15%-ға өсті. Көрсетілген көрсеткіштер жөніндегі орташа тәуліктік деректер 2001 жылы - әуе кемелерінің 24 ұшып-қонуын және қызмет көрсетілген 756 жолаушыларды, 2002 жылы - тиісінше 28 және 883 құрады.

Осы үрдістің анықтаушы факторы қазіргі бағыттарда рейстер жиілігін арттыру және жаңа бағыттарды ашу болып табылады. 2001-2002 жылдары Астана қаласының әуежайында қызмет көрсетілген рейстер мен жолаушылардың жалпы көлемінде ішкі авиатасымалдар негізгі үлесті (75%) құрайтынын атап өткен жөн, бұл Қазақстанның барлық ірі қалаларының елордамен байланысын қамтамасыз ету үшін ішкі әуе желілерінің жүйесін кеңейтуге байланысты.

Әуежайдағы өндіріс көлемі өсуінің жалпы оң үрдісі қаржылық көрсеткіштер үрдісіне де әсер етті.

2002 жылы әуежайдың кірісі 2000 жылдың көлемінен 182 млн.теңгеге немесе 15%-ға артты. Әуежайдың жиынтық кірісінің едәуір бөлігін мемлекет реттейтін қызметтер көрсетудің негізгі түрлерінен (әуе кемелеріне және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі) түскен кіріс құрайды, олардың үлесі 90%-дан астамды құрайды.

| 2000 жыл | 2001 жыл | 2002 жыл

Кірістер, млн.теңге	1 253	1 333	1 435
алдыңғы жылға %-бен	156	106,3	107,8
Шығыстар, млн.теңге	1 541	1 755	1 718
алдыңғы жылға %-бен	165	114	97,9

Әуежайдың 2000 жылдан бастап 2002 жылды қоса алған кезеңдегі шығыстары 177 млн.теңгеге немесе 12%-ға өсті. Осы кезең бойынша шығыстар көлемі өсуінің негізгі факторлары мыналар болып табылады:

әуежай теңгеріміне қайта жаңартылған және жаңа объекттерді (ұшу-қону жолағы және жолаушылар аэровокзалы қайта жаңартылды, VIP ғимараты салынды) қабылдауға байланысты амортизациялық аударулардың 2000 жылы 163 млн.теңгеден 2002 жылы 304 млн.теңгеге (86%-ға дейін) дейін өсуі;

қайта жаңартылған және салынған объектілерді пайдалануға беруге, сондай-ақ ұшу-қону кешенінің жерлерін елді мекен жерлеріне жатқызу себебінен 2001 жылы жер салығына қосымша сома есептелуіне байланысты салықтар бойынша (мүлік және жер салығы) 2000 жылғы 41 млн.теңгеден 2001 жылы 163 млн.теңгеге (197%-ға) дейін шығыстардың өсуі;

"Қазақстан Эйрлайнз" ААҚ авиакомпаниясының дебиторлық қарыз сомасына (92 млн.теңге) күдікті қарыздар бойынша резерв құруға байланысты жалпы және әкімшілік шығыстардың өсуі.

"Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ-тың жарғылық капиталы

	2001 жылғы 2001 жылғы 2002 жылғы
	1 қаңтарға 1 шілдеге 1 қаңтарға
Жарғылық млн.теңге	капитал, 7,0 3134,8 5560,4

Әуежайдың 2001 жылғы шығындары 425 млн. теңгені құрады, 2002 жылы шығындар 142 млн. теңгеге азайтылды және 283 млн. теңгені құрды.

Негізгі өндірістік-қаржылық көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2002 2003 2003 Ауытқушылық
	жыл жыл жыл -----
	жоспар нақты 2002 Жоспар-
	жылдан % дан %

Қызмет рейстер, (рейстер)	көрсетілген		10 160	10 916	11 574	114	107
Қызмет жолаушылар (жолауш.)	көрсетілген		322 298	344 621	397 316	123	115
Кірістер, млн. теңге			1 434	1 589	3 754	262	236
Операциялық (млн. теңге)	қызметтен,		1 398	1 549	1 825	134	119
Операциялық қызметтен, (млн. теңге)	емес		36	40	1 929	5 358	4 823
Шығыстар, (млн. теңге)			1 717	1 891	3 034	177	160
Операциялық (млн. теңге)	қызметтен,		1 608	1 805	2 034	126	113
Операциялық қызметтен, (млн. теңге)	емес		109	86	1 001	919	1 162
Қаржылық (млн.теңге)	нәтиже,			-282	-301		720
Операциялық (млн. теңге)	қызметтен,			-210	-256		-209
Операциялық қызметтен, (млн. теңге)	емес			-72	-45		928

2003 жылы болжанып отырған өндірістік көрсеткіштер 11 574 рейсті және 397 316 жолаушыны құрды, бұл алдыңғы жылдың көрсеткіштерінен тиісінше 14%-ға және 23% - ғ а а р т т ы .

2003 жылға арналған әуежай қызметінің маңызды көрсеткіштерінің жоспарланып отырған көлемі "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 369 қаулысымен бекітілген.

Көрсетілген жоспармен салыстырғанда өндірістік көрсеткіштерді орындау қызмет көрсетілген рейстер көлемінің көрсеткіштері бойынша 7%-ға және қызмет көрсетілген жолаушылар саны бойынша 15% өсуді құрды.

Жалпы көлемдегі бағыттар бойынша жолаушылар тасымалы рыноктарының үлесі алдыңғы кезең деңгейінде сақталуда және ішкі желілер үшін 78%-ды және халықаралық тасымалдар үшін 22%-ды құрайды.

Астана қаласы әуежайының кірісі 2003 жылы 3 754 млн. теңгені құрды, бұл 2002 жылдың деңгейінен 162%-ға (2 319 млн.теңге) және жоспар деңгейінен 136%-ға (2 165 млн.теңгеге) асып түсті. Қоғамның негізгі емес қызметінен кірістердің 1 899 млн.теңгеге өсуі кірістердің айтарлықтай өсуінің анықтаушы факторы болып табылады. 2003 жылы N 700 бюджеттік бағдарлама шеңберінде 1 515 млн.теңге сомасында

республикалық бюджеттің қаражатынан әуежайдың ұшу-қону жолағы қайта жаңартылды, ол 2003 жылғы 22 желтоқсандағы мемлекеттік комиссияның актісі негізінде пайдалануға қабылданған болатын. Бағдарламаның әкімшісі - Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті көрсетілген жобаның шығындар құнын "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ-қа 2003 жылғы 31 желтоқсанда тапсырды. 2002 жылғы деңгейден операциялық қызметтен кірістердің 30%-ға (425 млн. теңгеге) өсуі авиатасымалдар көлемінің 15%-ға өсуінің және әуежайдың реттелетін қызметтер көрсетуге тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) 2003 жылдың екінші тоқсанынан бастап өсуінің салдарынан болды. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 2003 жылы тарифтер деңгейінің едәуір ұлғаюы бұрын табиғи монополияларды реттеу жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органның тұрақты ішкі әуе авиатасымалдар үшін әуежайларда қызметтер көрсетуіне арналған тарифтерді теңгеге қайта есептеуді ҚР Ұлттық Банкі 1999 жылдың 1 сәуіріне (87,5 теңге) АҚШ долларының белгіленген бағамы бойынша жүзеге асырылғандығымен түсіндіріледі.

2003 жылы әуежайдың шығыстары 3 034 млн. теңгені құрайды, бұл 2002 жылдың деңгейін 77%-ға немесе 1 316 млн. теңгеге және жоспарланып отырған көлеммен 60%-ға (1 143 млн. теңге) артып отыр.

Қоғамның жиынтық шығыстарының ұлғаюының негізгі себебі әуежайдың операциялық емес қызметі бойынша шығыстардың 892 млн.теңгеге ұлғаюы болды, мұнда "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2003 жылғы 21 қаңтардағы N 20 бұйрығына сәйкес әуежай мүлкінің құнын растау үшін негізгі құралдарды қайта бағалауға (тозудың тиісті түзетулерімен - 570 млн.теңге) және бағамдық айырмашылық бойынша шығыстарға байланысты шығыстар негізгі үлесті құрайды.

Жоғарыда көрсетілгендер салдарынан, 2003 жыл 720 млн.теңге сомадағы оң қаржылық нәтижемен сипатталады.

И н в е с т и ц и я л ы қ қ ы з м е т

Әуежайдың инвестициялық қызметі шеңберінде 2003 жылы республикалық бюджеттен және әуежайдың меншікті қаражатынан қаржыландырылған жобалар жүзеге асырылды.

Астана қаласы әуежайының объектілерін жетілдіру, оның өткізу қабілетін ұлғайту, әуе кемелеріне, жолаушыларға қызмет көрсетудің қауіпсіздік деңгейін арттыру және халықаралық стандарттар деңгейінде жүкті өңдеу, елорда әуе қақпасының инфрақұрылымдық кешенін дамыту жобалардың мақсаты болып табылады.

М л н . т е ण г е

"Астана қаласындағы салу" жобасы	халықаралық	әуежайды	3 141,8	12 439,6
- JBIC заемының қаражаттары			2 889,4	10 780,0
- Республикалық қаржыландыру есебінен	бюджеттен	қоса	252,4	1 659,6
"Астана қаласындағы ұшу-қону жолағын қайта жаңарту" жобасы	халықаралық	әуежайдың	1 516,6	
"Астана халықаралық Жарғылық капиталын ұлғайту" жобасы	әуежайы"	РМК-ның	241,6	
Барлығы			3 141,8	14 197,6

1) "Астана қаласындағы халықаралық әуежайды салу" жобасы халықаралық қаржы ұйымдарының заемін тарту есебінен қаржыландыруға ұсынылған басым инвестициялық бағдарламалар мен жобалардың тізбесінде көзделген.

Жобаның кредиторы-Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі (JBIC).

Заем сомасы 22 млрд. 122 млн. жапон йені мөлшерінде белгіленген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес осы жоба бойынша Атқарушы агенттік (түпкілікті қарыз алушы) болып "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ ал қадағалаушы агенттік болып - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленді.

Көрсетілген соманың 20%-ы әуежайға кредит ретінде (салықтарды, кедендік төлемдерді және тағы басқа шығындарды өтеуге), қалған 80%-ы мемлекеттік бюджеттен субсидиялар ретінде (құрылыс және консалтинг) беріледі.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен әуежай арасындағы 2001 жылғы 15 тамыздағы N ЯПО-001П кредиттік келісімге сәйкес 4 424 400 000 жапон йені сомасындағы қаражат 2,2% жылдық сыйақы ставкасы бойынша 7 жыл жеңілдік кезеңімен 2028 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Құрамында мынадай компаниялар бар консорциум жобаның Бас мердігері болып табылады: Siemens (Германия)\ Marubeni Corp (Жапония)\ John Laing (Ұлыбритания)\ Alarko (Түркия).

Жобаны іске асыру кезеңі 32 айға есептелген. Қайта жаңарту жобасы жолаушылар және жүк терминалын салудан, әуе қатынасының қазіргі заманғы халықаралық торабына әуежайдың кірігуіне байланысты, тұтас кешендік жұмыстардан тұрады. 1964 жылдан бері жаңарту жүргізілмеген, ескірген инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары жүргізілуде: жылумен-сумен жабдықтау және электрмен жабдықтаудың жаңа желілері, байланыстың оптикалық-талшықты желісі, қазіргі заманғы қазандық, энергиямен жабдықтаудың орталық тарату пункті, периметр бойындағы жол және оның қоршауы, отын құбыры.

Жүк тасымалын дамытуға ерекше назар бөлінуде. Осы мақсатта мамандандырылған

жүк терминалы мен жүк перронының құрылысы жүзеге асырылуда. Айтарлықтай жұмыс көлемі әуеайлақ бөлігін қайта жаңартуды қамтиды: магистральдық және қосымша рульдеу жолдарын салу, қолданыстағы перронды үш есе күшейту және кеңейту. Сондай-ақ жарық техникалық, метеорологиялық және навигациялық жабдықтарды, электрмен қамтамасыз етудің резервтік көздерін ауыстыру жүргізіледі. Әуежайдың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін бірқатар объектілерді: әуе қозғалысын басқару ғимаратын, ЖЖМ қоймасы мен зертханасын, қазандықты, авариялық құтқару бригадаларының және әуеайлақ-техникалық сервисінің ғимаратын, сорғы станциясын салу көзделген. Арнайы қар жинайтын техниканы, өрт сөндіру жабдығын, жердегі техника және ЖЖМ жабдығын сатып алу көзделген. Авиациялық қауіпсіздік жүйесімен жабдықтауға, багажды рентген аппараттарының қазіргі заманғы түрлерімен жүз пайыз тексеру, бейнебақылау жүйелерімен, шекара, кеден қызметтері және әуежай құрылымдары жолаушылар мен жүк клиентурасына қызмет көрсету жөніндегі автоматтандырылған технологиялық желілерімен жабдықтау сияқты авиациялық қауіпсіздіктің жүйелерімен жарақтандыруға ерекше назар аударылған.

Қазіргі кезеңде Бас мердігер негізгі ғимараттардың қаңқаларын құрастырды, сыртқы және ішкі коммуникациялық желілердің құрылысы бойынша жұмыстар жүргізуде, ғимараттар ішінде инженерлік желілер салынуда. Жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Әуеайлақ техникасын сатып алу жүргізілуде. Қысқы кезеңнің басталуына қарай ғимараттарды ішкі өңдеу жөнінде жұмыстар жоспарланды.

2) "Астана қаласындағы халықаралық әуежайдың ұшу-қону жолағын қайта жаңарту
" ж о б а с ы

1963 жылы пайдалануға берілген Астана қаласы әуежайының жасанды ұшу-қону жолағы (ЖҰҚЖ) осы жоба шеңберінде бөлінетін инвестициялардың объектісі болып т а б ы л а д ы .

2001-2002 жылдары жүргізілген тексерулер нәтижесінде ЖҰҚЖ бетінде нормадан тыс тегіс еместіктер, шұңқырлар және жолақ бетінің жолаушылар үшін қозғалыстың қолайсыздығын төмендетумен бірге әуе кемелерінің ұшуы мен қонуы қауіпсіздігіне теріс әсер ететін тиіссіз көлденең еңісі сияқты бірқатар жол беруге болмайтын ақаулар анықталды. Бұдан басқа, жолақтың жарық техникалық жүйесі жабдығында да едәуір кемшіліктер болды, ол Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымының (ИКАО) барлық т а л а п т а р ы н а с ә й к е с к е л м е й д і .

Жоба шеңберінде ЖҰҚЖ жоғарғы қабатын тегістеу полимерлі материалдар қосылған жоғары сапалы асфальт-бетонды қоспамен нығайтудың екі қабатын (5 және 10см) бұдан әрі төсеумен жүргізіледі. Осы жұмыстар нәтижесінде жасанды жамылғының беріктік индексі (PCN) 76-дан 111-ге дейін ұлғайтылды, бұл ЖҰҚЖ әуе кемелерінің барлық үлгілерін ұшу салмағына шектеу салмай қабылдауға мүмкіндік береді. ЖҰҚЖ ИКАО II санатының метеоминимумы бойынша, қонудың екі курсымен жарық және сигнал беру жабдығымен, автоматтандырылған метеорологиялық бақылау

жүйесімен, РАРІ әуе кемелерін дәл қондыру жүйесімен, сондай-ақ орнитологиялық қамтамасыз ету жүйесімен және жолақтың мұздануы туралы алдын ала хабардар ету жүйесімен жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ негізгі магистралдық және қосымша рульдеу жолдарын салу аяқталуда.

Осы жобаны іске асыру ИКАО стандарттары бойынша әуежайлақты алдағы сертификаттауға дайындаудың негізгі бөлігі болып табылады.

3) "Астана халықаралық әуежайы" РМК Жарғылық капиталын ұлғайту" жобасы. 2003 жылы жобаны қаржыландыру республикалық бюджеттен 241 650 мың теңге сомасында жүргізіледі. Жоба шеңберінде шетел әуе кемелеріне, атап айтқанда транзиттік рейстерді орындайтын ірі жүк тасымалы әуе кемелеріне қызмет көрсету үшін қажетті жабдықпен және арнайы техникамен қамтамасыз ету жөніндегі тиісті іс-шаралар жүргізілді.

4) Негізгі қорларды жаңғырту шеңберінде әуежайдың меншікті қаражатынан жоғарыда көрсетілген жобаларға кірмеген, 68 млн.теңге сомасына, негізгі құралдарды жөндеу мен ауыстыру (арнайы техника, жабдық әуе кемелерінің тұрақ орындарын жөндеу ж.т.б.) жұмыстары жүргізілді.

1.4. 2004-2006 жылдарға арналған даму жоспары

1.4.1. Мақсаттары мен міндеттері

Болжанып отырған кезеңде әуежайдың мақсаты әуежайдың кірісін ұлғайту болып табылады.

Болжанып отырған кезеңге негізгі мақсаттар мыналар болып табылады:
авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету деңгейін арттыру;
транзиттік әлеуетті пайдалану;
халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес әуежайдың инфрақұрылымын құру және әуежайдың техникалық жарақтануын арттыру;
әуе кемелеріне және жолаушыларға қызмет көрсетуде сапаның жоғары стандарттарына қол жеткізу.

1.4.2. Астана қаласы әуежайының транзиттік әлеуетін дамыту

Жоспарланып отырған кезеңге әуежайдың басты мақсаты Қазақстан Республикасының басым инвестициялық жобаларының тізбесінде көзделген "Астана қаласының халықаралық әуежайын қайта жаңарту" жобасы шеңберінде қол жеткізілетін, елорда әуежайының жаңа қуатын барынша пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады. Әуежайдың жаңа объектілерін 2005 жылы толық пайдалануға беру оның өткізу қабілетін екі есе арттырады, бұл авиатасымалдар көлемін тиісті көбейтуді талап етеді. 1997 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырысы бойынша CHZMНILL/ККАА/РСІ консорциумы әзірлеген "Астана қаласының халықаралық әуежайын қайта жаңарту" жобасының техникалық-экономикалық негіздемесінде, әуежайдың толық көлемде жұмыс істеуін қамтамасыз етудің негізгі факторы болып өңірдегі демографиялық өсу белгіленген.

Әуежай арқылы авиатасымалдың ағымдағы көлемі оның қуатының 50% жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Өңірдегі тұрғындар санының өсу деңгейі ТЭН болжанған деңгейден екі есе кемігенін ескере отырып, Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азия арасында шетел авиакомпаниялары орындайтын жүк тасымалдау жөніндегі транзиттік рейстер әуежайдың жұмыс істеуінің әлеуетті көздері болып табылады.

Барлық көрші мемлекеттердің әуежайлары транзиттік әлеуетті тартуда бәсекелестік позицияны ұстануда. Осы рейстерді орындайтын авиакомпаниялар үшін техникалық қону пунктін таңдауда негізгі өлшем мыналар болып табылады:

авиациялық қауіпсіздікте қамтамасыз ету деңгейі;
 әуежайдың техникалық жарақтандырылуы;

әуежайлық және аэронавигациялық алымдар мен авиациялық отынның құны кіретін қызмет көрсету құны.

Алғашқы екі өлшем әуежайды қайта жаңарту жобасын іске асырудың негізгі мақсатында көзделген. Транзиттік рейстерді тартудағы бірқатар бәсекелес әуежайлардың бағасын салыстырмалы талдау көрсеткендей, транзиттік рейстерге қатысты әуежайлық қызмет көрсету құнына шегерімдер және жеңілдіктер жүйесі қажет. Мысалы: Ташкент әуежайы бір рейсі үшін құны 3 000 АҚШ доллар транзиттік рейстерге қызмет көрсетуді ұсынады, ал Астана қаласының әуежайында қолданыстағы алымдар мен тарифтер ставкалары бойынша - 8 000 АҚШ долларына жуық.

Қазақстан Республикасының және көршілес республикалардың әуежайларында халықаралық рейстерге жердегі қызмет көрсету тарифтерін салыстырмалы талдау

(теңгемен ҚҚС - сыз)

1	2	3	4	5
Астана	1 446	362	5 882	42 340
Алматы	1 145	172	6 562	-
Атырау	2 185	327	5 769	-
Шымкент	1 065	160	6 846	-
Баку	1 183	1 217	-	39 556
Нижне-Вартовск	1 318	228	2 365	30 375

Толмачево	1 384	213	1 369	45 642
Иркутск	559	194	-	-
Ульяновск	374	41	6 464	-
Уфа	1 384	208	2 586	30 375

Астана қаласының әуежайындағы жердегі қызмет көрсетуі үшін әуежайлық алымдар мен тарифтер Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің 2003 жылғы 14 наурыздағы N 35-ОД бұйрығымен белгіленген. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес табиғи монополия субъектісі уәкілетті орган бекіткен тәртіппен қызметтер көрсетуді ұсынуға арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкасын) төмендетуі мүмкін.

Транзиттік рейстерді тартуға әсер ететін факторлардың бірі Қазақстанда көршілес мемлекеттердің отынымен бәсекеге түсетін баға бойынша (250 АҚШ доллары шегінде) авиациялық отын өндіру мүмкіншілігін қарастыру зауыттардан тікелей жеткізу мүмкіншіліктері болып табылады. Қазіргі уақытта отынның бағасы транзиттік шетел авиакомпанияларын тартуға кедергі жасайтын факторлардың бірі болып отыр.

Шетел авиакомпанияларын тарту мақсатын тиімді іске асыру үшін "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ-тың және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитетімен бірлесіп әзірленген 2004-2006 жылдарға арналған Астана қаласы әуежайының транзиттік әлеуетінің бағдарламасында көзделген тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен және үйлестірілген іс-әрекеттері қажет. Көрсетілген бағдарламаны іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспары қоса беріліп отыр (6-қосымша).

1.4.3. Өндірістік-қаржылық даму серпіні

Астана қаласының әуежайы арқылы өтетін авиатасымалдардың жоспарланған көрсеткіштері Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитетінің 2004-2006 жылдарға арналған Астана қаласы әуежайының транзиттік әлеуетінің бағдарламасын іске асыруды ескере отырып, бүкіл әлемдік авиацияның соңғы болжамдарына негізделген.

ИКАО болжамы бойынша, дүниежүзінде жолаушылар тасымалдарының тұрақты орташа жылдық өсу қарқыны 1999 жылдан бастап 2005 жылға дейін 5,3% өседі, ал Еуропа мен АТР елдері арасындағы бұл өсу орташа алғанда жылына 7,5%-ды құрайды (1-сурет).

1-сурет

1995-2005 жылдарға арналған (%) халықаралық жолаушылар тасымалдарының тұрақты орташа жылдық өсу қарқыны (қағаз мәтініне қараңыз)

Бұл дүниежүзінде жолаушылар тасымалы өсуінің өте жоғары пайызы, бұл Қиыр Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері экономикасының жоғары қарқынмен дамуымен, олардың инвестициялық тартымдылығымен, сондай-ақ Еуропаның Азияға деген қызығушылығының өсуімен түсіндіріледі.

Халықаралық Әуежайлар Кеңесі ХӘК (2-сурет) жариялаған 1999-2020 жылдары кезеңіне әуежайлардың дүниежүзілік трафигінің болжамдары бойынша, мынадай негізгі көрсеткіштер бойынша әуежай трафигінің жыл сайын өсуі күтілуде: қызмет көрсетілген рейстердің саны, қызмет көрсетілген жолаушылардың саны және өңделген жүктердің саны.

2-сурет

Әуежай трафигінің болжамы (1999-2020 жж.)

(қағаз мәтініне қараңыз)

Ұсынылған кесте жүк тасымалдарының жоғары болжамдық өсуін сипаттайды, бұл ретте осы тасымалдардың негізгі бөлігі Еуропа-Азия маршруты бойынша жүргізіледі.

Осы болжамдар негізінде техникалық қонуды орындайтын шетел компанияларының әуе кемелеріне қолайлы режим жасаған кезде Астана қаласының әуежайын транзит ретінде пайдалануға үлкен мүмкіншілік туады.

Астана қаласының әуежайы арқылы авиатасымалдар болжамы

Көрсеткіштер атауы	2003 жыл	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл
1. Рейстерге қызмет көрсету алдыңғы жылға %	11 574	12 764	14 034	15 344
		115	110,3	110,5
2. Жолаушыларға қызмет алдыңғы жылға %	383 547	436 445	480 090	518 497
		к ө р с е т у		
		123	113,8	110,0
				108,0

2004 жылы 12 764 рейске және 436 445 жолаушыға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету жоспарлануда, бұл жоғарыда көрсетілген болжам факторларына сәйкес 2003 жылға қарағанда 110,3% және 113,8% өсуді құрайды.

2005 жылы өндірістік көрсеткіштер өсуінің болжанып отырған деңгейі рейстерге

қызмет көрсету бойынша 10,5%-ды және жолаушыларға қызмет көрсету бойынша 10%-ды құрайды. Қызмет көрсетілген рейстердің болжамды өсуіне әуе транзиттік әлеуетін пайдалану жоспарын іске асыруды және Астана қаласының әуежайына жүк рейстерін техникалық қонуға тартуды ескере отырып, қол жеткізу күтілуде.

2006 жылы және одан әрі, жоғарыда көрсетілген болжам факторларына сәйкес, қызмет көрсетілетін рейстер мен жолаушылар өсуінің жыл сайынғы деңгейі 9%-ды құрайды.

млн. теңге

	2003 жыл	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл
Кірістер, барлығы	3 754	3 743	3 763	3 767
алдыңғы жылға %-бен	262	100	101	100
Операциялық қызметтен	1 825	2 441	2 843	3 067
алдыңғы жылға %-бен	131	134	117	108
Операциялық емес қызметтен	1 929	1 302	920	700
Шығыстар, барлығы	3 034	3 357	3 761	3 766
алдыңғы жылға %-бен	177	111	112	100
Операциялық қызметтен	2 034	2 252	2 841	3 066
Операциялық емес қызметтен	1 001	1 105	920	700

2004 жылы кірістердің күтілетін көлемі өндірістік көрсеткіштер үрдісіне ұқсас 3 743 млн.теңгені құрайды (өткен кезеңге қарағанда 10%-дық өсу), бұл ретте қызметтер көрсетуді іске асырудан түсетін кірістердің өсуі 34%-ды құрайды.

Әуе кемелеріне және жолаушыларға қызмет көрсету бойынша авиациялық қызметтер көрсетуден түсетін кіріс үлесі операциялық қызмет кірісінің жалпы көлемінде 2003 жылға қарағанда 21%-ға (1 246 млн.теңгеге) өсу деңгейімен 92%-ды (1 504 млн.теңгені) құрайды.

2005 жылы қызметтер көрсетуді іске асырудан түсетін кіріс 402 млн. теңгеге немесе 31%-ға және 2006 жылы өндірістің өсу үрдісіне сәйкес 8%-ға өсу болжанып отыр.

Болжанған кезеңдегі шығыстардың кірістердің өзгеру динамикасына балама үрдісі байқалады және 2004 жылы 3 357 млн.теңге сомасында жоспарланып отыр, бұл 323 млн.теңгеге немесе 2003 жылдың деңгейінен 11%-ға өсумен сипатталады.

2004 жылы операциялық шығыстарды анықтайтын негізгі баптар мыналар болып табылады:

әуежайды қайта жаңарту бағдарламасының шеңберінде қайта жаңартылған объектілерді (ұшу-қону жолағын, арнайы техниканы және жабдықтарды) теңгерімге алуға байланысты осы баптың 45% (36 млн.теңге) өсу деңгейімен әуежайдың операциялық қызметі жөніндегі шығыстар көлемінен салықтар бойынша шығыстар 5%-

ды (116 млн.теңгені) құрайды;

амортизациялық аударымдар 267 млн.теңге сомасында жоспарланып отыр және әуежай шығыстарының жалпы көлемінің 12%-ын құрайды. Осы баптың көбею үрдісі әуежайды қайта жаңарту бағдарламасы шеңберінде қайта жаңартылған объектілердің, арнайы техниканың және жабдықтардың пайдаланылуға берілуіне де байланысты;

1998 жылы аэровокзал ғимаратын қайта жаңартуға бағытталған "Астана-Финанс" ААҚ кредиті бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеудің болжамды мүмкіндігіне байланысты, 2003 жылғы деңгейден 474 млн.теңгеге (80%) төмендеумен, жоспарланған кезеңде кредитке сыйақылар бойынша шығыстар 119 млн.теңгені немесе әуежай шығыстары сомасында 5% құрайды;

материалдардың құны 951 млн.теңгені немесе әуежай шығыстарының 42%-ын құрайды. Осы шығыстардың негізгі баптарына авиациялық отын (86%-814 млн.теңге) ж а т а д ы ;

жоспарланған кезеңде еңбекақы төлеу шығыстары 360 млн.теңгені немесе әуежай шығыстарының 16%-ын құрайды.

Жалпы және әкімшілік шығыстар 2004 жылы 343 808 мың теңге сомасында күтілуде, бұл әуежай шығыстардың 15%-ын құрайды. 2003 жылмен салыстырғанда көрсетілген шығыстардың 62%-ға (132 млн.теңге) өсуін туындатқан негізгі баптар м ы н а л а р б о л ы п т а б ы л а д ы :

Қоғамның жалпы және әкімшілік шығыстарындағы үлесі 34% құрайтын салықтар бойынша шығыстар. Көрсетілген шығыстардың 36 млн.теңгеге немесе 45%-ға атап айтқанда мүлікке, көлікке арналған салықтардың өсуі әуежайдың жана объектілерін п а й д а л а н у ғ а б е р у м е н б а й л а н ы с т ы ;

Қоғамның есеп саясатындағы өзгерістерге байланысты негізгі құралдарға қызмет көрсету мен жөндеуге арналған шығыстар 25%-ға (4 185 мың теңге) өседі. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қызметтер көрсету түрлері бойынша бөлек есеп жүргізу және оны егжей-тегжейлеу бойынша талаптарына сәйкес бұрын тек қызметтер көрсетудің өзіндік құнына жатқызылған өндірістік бөлімшелердің шығыстары енді әкімшілік шығыстарға да бөлінеді;

консультациялық (аудиторлық) қызметтер көрсетуге арналған шығыстар 71 243 мың теңге мөлшерінде болжанып отыр, өсу алдыңғы жылдың деңгейінен 61 976 мың теңгені немесе 669% құрайды. Осы үрдіс Астана қаласы әуежайының трафигін дамыту жоспарын әзірлеу жөніндегі консультациялық қызмет көрсету үшін тиісті компанияларды тарту арқылы Астана қаласы әуежайының транзиттік әлеуеті бағдарламасының шеңберіндегі шараларды іске асырудан туындап отыр;

коммуналдық қызмет көрсетулер 16%-ға (732 мың теңгеге) өсті. Коммуналдық қызметтер көрсетуге шығыстардың өсуіне олар үшін әуежай жалғыз жеткізуші болып табылатын, әуежайдың аумағында қызметті жүзеге асыратын ұйымның қажеттілігінің және олардың санының өсуі әсер етті. Басқа ұйымдарға коммуналдық қызметтер

көрсетуге арналған шығыстар бөлігінде де кірістер бөлігінде де көрсетілген. Ұқсас үрдіс байланыстың қызметтерін көрсетуге қатысты шығыстарға да тән; қызметкерлердің біліктілігін жетілдіруге арналған шығыстар 830%-ға (9 393 мың теңгеге) өседі. Осы үрдіс кеңесшілерді тарта отырып әзірленген, әуежайдың кадр әлеуетін дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес әуе кемелеріне және жолаушыларға қызмет көрсету деңгейін арттыру мақсатында шараларды іске асырумен байланысты. Жоғары технологиялық электронды жабдықпен жабдықталған әуежайды қайта жаңарту шеңберінде жаңа объектілердің енгізілуіне байланысты, мамандардың кадр құрамы деңгейіне талаптар артады, бұл оларды оқытуға қосымша қаражаттарды бөлуді қажет е т е д і .

Кірістердің өсу қарқынына сәйкес 2004 жылғы деңгейге қарағанда 2005 жылы шығыстардың өсуі 12%-ды (404 млн.теңге) құрайды, бұл техниканың, жабдықтардың әуежай инфрақұрылымының қайта жаңартылған және салынған объектілердің пайдаланылуға берілуіне байланысты мынадай шығыстардың өсуінен туындады: амортизациялық төлемдер 169 млн.теңгеге, (163%-ға), коммуналдық қызметтер бойынша шығыстар 61 млн.теңгеге (185%-ға), жаңа объектілерді сертификаттау бойынша шығыстар 10 млн.теңгеге (222%-ға), мүлікке салықтар 160 млн.теңгеге (234%-ға), қызметкерлер санының өсуіне байланысты еңбекақы төлеуге арналған шығыстар 15 %-ға (55 млн.теңгеге) өседі.

ЖВІС кредитін ұсыну шарттарына сәйкес (жобаны іске асыру шаралары бойынша қаражаттың түсуі және 2008 жылдан бастап өтеу) болжанып отырған кезеңнің кредиторлық берешек сомасының өсу үрдісі бар: 2002 жылы - 2 243 млн.теңге, 2003 жылы - 3 585 млн.теңге (4399 млн.теңге), 2004 жылы - 3 159 млн. теңге (6744 млн.теңге), 2005 жылы - 725 млн.теңге (7469 млн.теңге).

Өндіріс үрдісі мен макроэкономикалық параметрлерге сәйкес әуежайдың шығыстары 2006 жылы 5,9%-ға өсу деңгейімен 3 766 млн.теңгені құрайды.

Ә л е у м е т т і к м ә с е л е л е р

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 22 сәуірдегі N 146-1 бұйрығына сәйкес "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ әлеуметтік шығыстарына қаржылар 2004 жылы 2 млн.теңге сомасында көзделуде. Әлеуметтік мәселелерді шешу шегінде мынадай шаралар жоспарлануда:

жеңілдік бағалармен медициналық қызмет көрсету, диспансерлік есепте тұрған ауруларды профилактикалық емдеу (1 100 мың теңге) арқылы Қоғам қызметкерлерінің денсаулығын жақсарту ;

әуежай қызметкерлері үшін спорттық секцияларды ұйымдастыру (300 мың теңге); әуежайдың қызметкерлеріне (нәрестелі болғанда жерлеуге), еңбек ардагерлеріне және т.б материалдық көмек көрсету (300 мың теңге).

Қоршаған ортаны қорғау, еңбек және қауіпсіздік техникасы, әлеуметтік мәселелер жөніндегі іс - шаралар

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес әуежай қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамалардың, оның сапа нормативтерінің және экологиялық талаптарының орындалуы жүктелетін табиғатты пайдаланушы болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламаның шеңберінде әуежай мынадай іс-шаралардан тұратын, қоршаған ортаның мониторингін жүргізеді:

жыл сайынғы іс-шаралар жоспарын құрастыра отырып, қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйін бақылау;

шығарындылардың, тастамалардың және қалдықтардың шығу көздеріне түгендеу жүргізу арқылы өзгерістерді болжау;

Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес экологиялық сақтандыру;

әуежайды қайта жаңарту шеңберінде жаңа енгізілетін объектілерге экологиялық паспортты әзірлеу және бекіту.

Сондай-ақ құстардың әуе кемелерімен соқтығысу мүмкіндігін азайту, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар шеңберінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында авиациялық орнитология саласында жұмыстар жүргізіледі:

әуеайлақ ауданын экологиялық орнитологиялық зерттеу;

